

**Қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің авторлық  
эзірленімдерін қарастыру бойынша  
қалалық ғылыми-әдістемелік кеңес отырысының  
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Нұр-Сұлтан қ.

«24» тамыз 2020 жыл

**Комиссия төрағасы** Макышева Алия Долдановна, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК директоры.

**Қатысқандар:** қалалық ғылыми-әдістемелік кеңес құрамы

Дауешова Сындр Муратовна – Білім беруді жаңғырту орталығы директорының орынбасары, комиссия төрайымының орынбасары.

Амирхамзина Райгүл Гильманқызы – Білім беруді жаңғырту орталығының бөлім басшысы.

Булатбаева Кульжанат Нурымжановна – Л. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, педагогика ғылымдарының директоры, комиссия мүшесі.

Баубекова Замира Джураевна, «Туран-Астана» Университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының доценті;

Оқай Алтынгүль – Еуразия гуманитарлық институтының аға оқытушысы, педагогика ғылымдары магистрі, комиссия мүшесі;

Бурегулова Капия Касымовна – Нұр-Сұлтан қаласының Гуманитарлық колледжінің мектепке дейінгі педагогика мен жеке әдістеме пәндерінің оқытушысы, комиссия мүшесі;

Ғалымжанова Фариза Баккалиевна Нұр-Сұлтан қаласы бойынша ПҚ БАИ білім беру процесін педагогико-психологиялық қолдау кафедрасының аға оқытушысы;

Такеева Айгуль Какимовна – № 73 мектеп-лицейі музыка пәнінің мұғалімі, қалалық педагогикалық қауымдастығының мүшесі, комиссия мүшесі.

Қыдырманов Болат Сапарбекович – № 1 музыкалық мектептің директоры, комиссия мүшесі.

Накаткова Ольга Ивановна – педагогика ғылымдарының кандидаты, № 47 мектеп-кешенінің орыс тілі және әдебиеті мұғалімі, директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі.

Кайыргалиева Балауса Толеугалиевна – №46 «Самал» балабақшасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының магистрі, комиссия мүшесі.

Амиргалиева Дайра Кайнемовна – Білім беруді жаңғырту орталығының әдіскері.

**Хатшы** – Кабдрашова Мөлдір Даулетқызы – № 68 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, қалалық педагогикалық қауымдастығының мүшесі, комиссия хатшысы.

**Күн тәртібі:**

1. Қалалық ғылыми әдістемелік кеңес мүшелерінің қала педагогтерінің авторлық жұмыстарын қарастыруы;

2. Авторлық эзірленімдерді жұмысын қалалық, республикалық деңгейде қолдануға ұсыныс беру.

*(Амиргалиева Д.К., Булатбаева К.Н., Қыдырманов Б.С.)*

Бірінші сұрақ бойынша Амиргалиева Дайра Кайнемовна комиссия мүшелерін нормативтік құжаттармен таныстырды. Сонымен қатар ғылыми-әдістемелік кеңестің жаңа құрамымен таныстырып, кеңестің мақсаты мен міндеттерін айқындап кетті.

Булатбаева Кульжанат Нурымжановна – авторлық жұмыс эзірлеуші педагогтардың тізімімен таныстырып, отырыстың өту ережелерін ескере кетті.

**Қалалық ғылыми-әдістемелік кеңес құрамы шешті:**

1. Бірінші сұрақ бойынша келтірілген педагогтердің авторлық жұмыстарын қарастырып, ұсыныс беру.

**2. Авторлық жұмыстарды қала көлемінде қолдануға ұсыну:**

1. **Тыңдалды:** «№ 1 өнер мектебі», Кожантаев Т. Ш. Табиғатты бейнелеу. Әдістемелік нұсқаулық.

**Шешімі:** Бұл әдістемелік нұсқаулық жалпы орта білім беретін және қосымша білім беретін мекемелерінің оқытушыларына, табиғат тақырыбын бейнелеуде әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған құрал. Мақсаты мен міндеттері дұрыс қойылған. Қала көлемінде қолдануға ұсынылды.

2. **Тыңдалды:** «№ 2 өнер мектебі», А. К. Сулейменова «Құрақ құрау, кесте тігу өнері сыныбы» 1 сынып. «мата тану» пәні 1 сынып, «Құрақ құрау, кесте тігу өнерінің тарихы» 1 сынып, «Құрақ құрау, кесте тігу өнерінің технологиясы» 1 сынып қолданбалы курсы.

**Шешімі:** Кең көлемде тәжірибеден өткен, тақырыбы ауқымды, оқушылардың өнерге деген қызығушылығын арттыратын жұмыстың бірі. Толықтырулар енгізіп, қала көлемінде қолдануға ұсынылды.

3. **Тыңдалды:** № 2 өнер мектебі Ж. С. Күмісбекова. «Әлем музыка әдебиеті» курс бағдарламасы.

4. **Шешімі:** Мақсаты мен міндеттері дұрыс қойылған. Автор бағдарламаны оқытудың жаңашылдығына сай құрастырған. Қала көлемінде қолдануға ұсынылды.

5. **Тыңдалды:** № 2 өнер мектебі, Ысқақбек Серікжан, суретші қолөнер шебері, Астана қазақ ұлттық өнер университетінің оқытушысы. «Ағаш көркем өңдеу сыныбы» қолданбалы курсы. (1-4сынып), «Ағаш өңдеу өнерінің тарихы» пәні (1-4сынып), «Ағаш өңдеу технологиясы» пәні (1-4сынып), «Ағашты көркем ою» пәні (мамандық) (1-4 сынып).

**Шешімі:** Тәжірибелі маман, қолданбалы курсының өзектілігі мен мамандық таңдауға көмек берілетін бағдарламаның бірі. Толықтырулар енгізіп, қала көлемінде қолдануға ұсынылды.

6. **Тыңдалды:** «№ 2 өнер мектебі», Курмашева А. «Көркем тоқыма суретшісі сыныбы» «кілем тоқу, басқұр тоқу, киіз басу, ши тоқу» 1 сынып. «Көркем тоқыма» пәні мамандық) 1 сынып. «Тоқыма өнерінің тарихы» 1 сынып. «Сәндік бұйымдар жасау технологиясы» 1 сынып. (Мата тану) 1 сынып

**Шешімі:** Мақсаты мен міндеттері дұрыс қойылған. Автор бағдарламаны оқытудың жаңашылдығына сай құрастырған. Қала көлемінде қолдануға ұсынылды.

7. **Тыңдалды:** «№ 2 өнер мектебі», Ғалымжанов Бегайдар «Зергерлік өнер» (мамандық) 1 сынып. «Металл өңдеу, тас өңдеу» 1 сынып. «Зергерлік өнерінің тарихы» 1 сынып. «Зергерлік бұйымның жсалу технологиясы» 1 сынып.

**Шешімі:** Тақырыбы ауқымды, оқушылардың зергерлік өнерге деген қызығушылығын арттыратын жұмыстың бірі. Толықтырулар енгізіп, қала көлемінде қолдануға ұсынылды.

8. **Тыңдалды:** № 2 өнер мектебі» Оразбахов Әбілхайыр «Тері көркем ұқсату сыныбы». «Тері көркемдеу пәні (мамандық) (1 сынып). «Терітану» 1 сынып, «Тері өңдеу өнерінің тарихы» 1 сынып, «Бұйым технологиясы» 1 сынып, «Ағаш өңдеу негіздері» 1 сынып

**Шешімі:** Тері өнері оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған. Мақсаты мен міндеттері дұрыс қойылған. Толықтырулар арқылы қала көлемінде қолдануға ұсынылды.

9. **Тыңдалды:** № 2 өнер мектебі Биназир Сұлтан «Көркем қыш сыныбы» (1 сынып). «Қыш өнері» (мамандық) (1 сынып). «Қыш өнері» тарихы» (1 сынып). «Қыш бұйымын жасау технологиясы» (1 сынып). «Қазба жұмыстарын жүргізу» (1 сынып).

**Шешімі:** Тәжірибелі маман, қолданбалы курсының өзектілігі мен мамандық таңдауға көмек берілетін бағдарламаның бірі. Толықтырулар енгізіп, қала көлемінде қолдануға ұсынылды.

10. **Тыңдалды:** «Қазақстан Республикасы қазақ күресі федерациясы» ҚН ЗТБ, Б. М. Сабитов, Е. Ж. Естек, Ж. А. Қонысбаев. «5-11 сынып оқушыларына арналған бағдарлама

дене шынықтыру бағдарламасының вариативті бөлігінде қазақ күресі элементтерін қолданбалы курсы».

**Шешімі:** Толық жұмыстар қарастырылған, жүйелі орындалған. Тәжірибеден өткізілген, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай тапсырмалар құрылған. Жұмыс талапқа сай орындалған, жетістіктері мен нәтижелері бар. Толықтырулар арқылы қала көлемінде қолдануға ұсынылды.

11. **Тыңдалды:** «Шығыс» балалар мен жасөспірімдер орталығы М. Е. Шотаев, Н. Е. Тәженов. 3-4 сынып оқушыларына арналған «Тоғызқұмалақ ұлттық ойыны» қолданбалы курсы.

**Шешімі:** Жұмыс тақырыбы өте өзекті. Тәжірибеден өткізілген, әдістемелік негіздемесі бар, талапқа сай жасалған. Оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп, қазіргі уақытта ең қажетті және оқушылардың қызығушылығын арттыратын бағдарламаның бірі болып есептеледі. Толықтырулар арқылы қала көлемінде қолдануға ұсынылды.

12. **Тыңдалды:** № 24 орта мектебінің денешынықтыру пәні мұғалімі Е. С. Рахметов, № 18 орта мектептің денешынықтыру пәні мұғалімі М. К. Исламбеков. «Асық ойыны» факультативтік курсының 1-2 сыныптарға арналған бағдарламасы.

**Шешімі:** Бағдарлама толық құрастырылған. Оқушылардың жас ерекшелігі ескерілген. Мақсаты мен міндеттері дұрыс қойылған. Тәжірибеден өткізілген, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай тапсырмалар логикалық тапсырмалардың түрлеріне қарай жүйеленіп орындалған. Қала көлемінде қолдануға ұсынылды.

13. **Тыңдалды:** Райымбек батыр атындағы № 50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі. Н. К. Алхожаева, Б. Б. Дуйсенгазиев «Домбыра үйрену» таңдау курсы.

**Шешімі:** Оқу бағдарламасының сағат саны, жұмыс формасы мен тәсілдері көрсетілген. Сабақ тақырыптарына қысқаша шолу берілген. Бағдарламада оқыту ерекшелігі байқалады. Қала көлемінде қолдануға ұсынылды.

14. **Тыңдалды:** № 2 өнер мектебінің хореография бөлімінің оқытушысы Рамазан Ж., №1 балалар музыка мектебінің хореография бөлімінің меңгерушісі Секербек Б.М. – «Қазақ биін үйрену әдістемесі» бағдарламасы (1-2 сыныптарға арналған).


**Шешімі:** Авторлық бағдарламаның мақсаты мен міндеті дұрыс қойылған. Оқу бағдарламасының сағат саны, жұмыс формасы мен тәсілдері көрсетілген. Бағдарламаның жаңашылдығы ерекше. Оқушылардың қызығушылығын арттыратын жұмыстың бірі. Толықтырулар арқылы қала көлемінде қолдануға ұсынылды.

15. **Тыңдалды:** Турманова Б. А. №2 өнер мектебі директорының ғылыми әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары. Кудерина Ж. А. № 64 мектеп -лицейінің музыка пәні мұғалімі. Каракеева З. К. № 53 мектеп-лицейінің музыка пәні мұғалімі. «Қазақ әндері» факультатив курсының 1-6 сыныптарға арналған бағдарламасы.

**Шешімі:** Жұмыс тақырыбы өте өзекті. Әдістемелік негіздемесі бар, талапқа сай жасалған. Оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп, оқушылардың қазақ әндеріне деген қызығушылығын арттыратын бағдарламаның бірі болып есептеледі. Толықтырулар арқылы қала көлемінде қолдануға ұсынылды.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
«Білім беруді жаңғырту орталығы»  
МККҚ директоры,  
Комиссия төрағасы

Хатшы



А. Д. Макышева

М. Д. Кабдрашова